



**БЕКІТЕМІН/УТВЕРЖДАЮ**

**«№32 негізгі орта мектебі» КММ-нің директоры**

**Директор КГУ «ОСШ №32»**

**Егорова О.А.**

**« 29 » 08 2023ж**

«Балапан» шағын орталығындағы мектепке дейінгі  
тәрбие және оқыту  
«Балапан» әр түрлі жастағы балалар тобы (3-5 жас)  
2023-2024 оқу жылына арналған қазақ тілі пәнінен  
Перспективалық жоспар

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы: «№ 31 ЖББМ» КММ-нің «Балапан» шағын орталығы**

**Топ: "Искорка" әр түрлі жастағы балалар тобы (ортаңғы топ)**

**Балалардың жасы: 3-5 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек айы, 2023-2024 оқу жылы**

Даму дағдылары	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Қазақ тілі (аптасына 1 рет)	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Дауысты (а, ә) және кейбір дауыссыз (п-б) дыбыстарды анық айтуға үйрету.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Сөздерді, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануға үйрету.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Суреттерді, заттарды қарастыруда өз ойын айтуға үйрету.</p>

**Жоспардың құрылу кезеңі: Қазан айы, 2023-2024 оқу жылы**

Даму дағдылары	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Қазақ тілі (аптасына 1 рет)	<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b> Бір-бірімен күнделікті еркін ойында, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға баулу.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Қазақ тіліне тән ә, қ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас»), көкөніс-жемістердің атауларын айту және түсінуде дағдыларын қалыптастыру, санамақтар жаттауға баулу.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім) үйрету.</p>

Жоспардың құрылу кезеңі: Қараша айы, 2023-2024 оқу жылы

Даму дағдылары	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<u>Коммуникативтік дағдыларды дамыту</u>	Қазақ тілі (аптасына 1 рет)	<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b> Ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге баулу.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Тұрмыстық заттардың, жиһаз, киімнің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажыратуға баулу.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.</p>

Жоспардың құрылу кезеңі: Желтоқсан айы, 2023-2024 оқу жылы

Даму дағдылары	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<u>Коммуникативтік дағдыларды дамыту</u>	Қазақ тілі (аптасына 1 рет)	<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b> Өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. қ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық заттардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және етістік) үйрету.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.</p>

Жоспардың құрылу кезеңі: Қаңтар айы, 2023-2024 оқу жылы

Даму дағдылары	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<u>Коммуникативтік дағдыларды дамыту</u>	Қазақ тілі (аптасына 1 рет)	<b>Тілдік дамытушы орта.</b> Ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге баулу. <b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Қазақ тіліне тән ә, ө дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулуды жалғастыру. <b>Сөздік қор.</b> Тұрмыстық заттардың, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. <b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт). Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және етістік) үйрету. <b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.

Жоспардың құрылу кезеңі: Ақпан айы, 2023-2024 оқу жылы

Даму дағдылары	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<u>Коммуникативтік дағдыларды дамыту</u>	Қазақ тілі (аптасына 1 рет)	<b>Тілдік дамытушы орта.</b> Дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, өз бетінше кітаптарды қарауға баулу. <b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Қазақ тіліне тән ә, ө, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. <b>Сөздік қор.</b> Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. <b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. <b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.

Жоспардың құрылу кезеңі: Наурыз айы, 2023-2024 оқу жылы

Даму дағдылары	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<u>Коммуникативтік дағдыларды дамыту</u>	Қазақ тілі (аптасына 1 рет)	<b>Тілдік дамытушы орта.</b> Бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге баулу <b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Қазақ тіліне тән ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. <b>Сөздік қор.</b> Тұрмыстық заттардың, (киіз үй жиһазы) атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. <b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу жалғастыру (бар, кел, айт). <b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.

Жоспардың құрылу кезеңі: Сәуір айы, 2023-2024 оқу жылы

Даму дағдылары	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<u>Коммуникативтік дағдыларды дамыту</u>	Қазақ тілі (аптасына 1 рет)	<b>Тілдік дамытушы орта.</b> Өзбетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге баулу <b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, мездуді дамытуды жалғастыру. <b>Сөздік қор.</b> Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. <b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім) үйретуді жалғастыру <b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу..

Жоспардың құрылу кезеңі: Мамыр айы, 2023-2024 оқу жылы

Даму дағдылары	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<u>Коммуникативтік дағдыларды дамыту</u>	Қазақ тілі (аптасына 1 рет)	<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b> Сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және етістік) үйрету бекіту.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу</b> Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу</p>